

**ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВТЫҢ 110 ЖЫЛДЫҒЫНА
МУЗЫКА ЖӘНЕ ӨНЕР МЕКТЕПТЕРІ
ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА ОНЛАЙН ІІІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
«ШЫРҚА ДАУЫСЫМ» ДӘСТҮРЛІ ӘН БАЙҚАУЫ**

Елбасымыздың «Ұлы дала жеті қыры» мақаласы аясында «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» бөлімінде: Ауызша және музыкалық дәстүрді жаңғырту қазіргі заманғы аудиторияға жақын әрі түсінікті форматта болуы керек және «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыру барысында халқымыздың ғасыр бойы келе жатқан дәстүрлі ән мәдениетінің өркендеуіне әрі дамуына ат салысып, жас өнерпаздарды ұлттық дәстүрге, ұлттық өнерге баулу.

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы қолдауымен, Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасы, № 1 балалар музыка мектебінің ұйымдастыруымен ІІІ республикалық «Шырқа дауысым» дәстүрлі ән байқауы өткізіледі.

БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ

Өткізілетін уақыты: 2021 жылдың 20-30 қараша аралығында.

Мақсаты: Ұлтымыздың ертеден келе жатқан дәстүрлі ән мәдениетін насихаттау, жас өнерпаздарды отан сүйгіштікке, өнерге баулу, ұлттық дәстүрге қызығушылығын арттыру, қазақтың аса көрнекті ақыны Қасым Аманжоловтың ән өнерін насихаттау.

Байқау талаптары:

1.Байқау 2021 жылдың 20 – 25 қараша аралығында №1 Балалар музыка мекетбінің ұйымдастыруымен қашықтан бейне жазбалар арқылы өткізіледі.

Жас ерекшеліктері: Кіші топ 8-10 жас,
орта топ 11-13 жас,
жоғары топ 14-16 жас.

Байқаудың шарттары, бағдарламалық талаптар :

Кіші топ- 1. Қ.Аманжолов «Өзім туралы»

2 . Бір халық әні

Орта топ – 1.Қ.Аманжоловтың «Туған жер» әні

2.бір халық әні немесе терме

Жоғары топ -1.Қ.Аманжолов «Жас дәурен» әні

2. бір халық композиторлары әні

3.бір халық әні немесе терме

2. Бейнежазба сапалы жазылуы керек, шығармалар басталғаннан аяғына дейін тоқтамай бір бейнеде үзіліссіз жазылуы шарт, шығармалар арасында үзіліске жол беріледі. Арнада бейнежазба орналастырылған кезде

қатысушының аты-жөнін толық жазу. Егер бейне байқау талаптарына сәйкес келмесе, өтініш қарастырылмайды

3. Қатысушылар өтініштерін, туу туралы куәліктің көшірмесін бейнежазба сілтемесін 2021 жылдың қараша айының 25 не дейін ұйымдастыру комитетінің мектеп сайты <https://dmsh1-astana.kz/kalaly-respublikaly-baj-aular> тапсыруға тиіс. (төменде өтінім үлгісі беріледі) 25 қарашадан кейін келген өтінімдер қабылданбайды. **Сайтқа берілген өтінім автоматты түрде өтінім қабылданғанын жазады! ! (Сіздің өтінішіңіз жіберілді. Комиссияның қарауында)**

Бағалау критерилері: ән орындауы және аспапта ойнау шеберлігі; сахналық мәдениеті; сахналық киім үлгісі.

- Байқаудың қазылар алқасы құрамына өнер қайраткерлері, дәстүрлі әншілер, белгілі ұстаздар шақырылады. Қазылар алқасы шешімі түпкілікті, қайта қарауға жатпайды.

Байқаудың марапаттауы: Марапаттау әр жас ерекшелігіне қарай бөлінеді. Арнайы дипломдар: «Үздік дәстүрлі әнші», «Шебер орындаушы»

Байқауға қатысқан өнерпаздар және дайындаған педагогтар электронды түрде мақтау қағаздарымен марапатталып берілген электронды мекен-жайға жіберіледі.

Байқау нәтижесі және жеңімпаздар 1 желтоқсан күні 1_dmsh инстаграм парақшасында жарияланады.

Өтінім үлгісі

Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына

Балалар музыка және өнер мектептерінің оқушылары арасында

III республикалық «Шырқа дауысым» дәстүрлі ән байқауы

Өтінім

Қала	
Мектеп №	
Қатысушының аты-жөні	
Туған күні, айы, жылы	
Тобы	
Шығарманың аты, авторы, хронометраж	1. 2. 3.
Жетекшінің толық аты-жөні, байланыс телефоны, электронды мекен-жайы	

Басшы аты-жөні

МО

ҚОЛЫ

Байқауға жауаптылар:

Директордың ТІЖО: Оралбаева Жанар Шерхановна 87774213186

Дәстүрлі ән бөлімінің меңгерушісі: Самал Жұмағалиқызы 87753750373